

## СПИД және туберкулезге қарсы күрес бойынша аудандық үйлестіру Кеңесін құру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2006 жылғы 1 ақпандағы № 1519 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2006 жылғы 1 наурызда № 5-9-25 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 389 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 26.08.2024 № 389 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"2005-2010 жылдарға Қазақстан Республикасында денсаулықты сақтау мен мемлекеттік бағдарламаларды реформалау туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің 2004 жыл 13 қыркүйектегі Жарлығын, "Қазақстан Республикасындағы халықты туберкулезден қорғау кезек күттірмейтін жедел шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі 1998 жыл 4 қыркүйектегі № 839 қаулысын жүзеге асыру мақсатында, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару туралы" 2001 жыл 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 31 - бап, 1- тармақ.17) тарақшасына сәйкес, Глубокое аудандық әкімдік ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. СПИД және туберкулезге қарсы күрес бойынша аудандық үйлестіру Кеңесі құрылсын (қосымша ).

2. СПИД және туберкулезге қарсы күрес бойынша аудандық үйлестіру Кеңесі туралы ұсынылған ереже бекітілсін.

3. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында СПИД және туберкулезбен қарсы күрес бойынша аудандық үйлестіруші Кеңестің дербес құрамы енгізілсін.

4. "Туберкулезге қарсы күрес бойынша аудандық үйлестіруші Кеңестің құрамын бекіту туралы" аудан әкімінің 2001 жыл 5 маусымдағы № 349 әкімінің күші жойылған деп есептелсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М.Я. Пекурге жүктелсін.

*Глубокое ауданының әкімі*

*С. Плотников*

Глубокое ауданы әкімдігінің  
"01" ақпан 2006ж.  
қаулысына қосымша

**СПИД және туберкулезбен күрес бойынша аудандық үйлестіру Кеңесінің құрамы**

1. Пекур Мария Яковлевна - Кеңестің төрайымы, аудан әкімінің орынбасары
  2. Светочева Любовь Леонидова - Кеңес төрайымының орынбасары, ШҚО денсаулық сақтау Департаментінің бас үйлестіріуші-маманы (келісім бойынша)
  3. Ластаев Марат Сейткамзинович - Кеңес төрайымының орынбасары, ОАА бас дәрігері (келісім бойынша)
  4. Баймухамбетов Қайрат Кажиманович - Кеңес төрайымының орынбасары, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Департаменті басқармасының бастығы (келісім бойынша)
  5. Мубаракшина Тамара Геннадьевна - Кеңестің хатшысы, БДМСЭҚ бас маман (келісім бойынша)
- Кеңестің мүшелері:
6. Ружинская Вера Иванова аудандық - фтизитор, ДОТС - стратегияларын ауданда үйлестіруші (келісім бойынша)
  7. Асамбаев Мурат Жумабаевич - аудандағы білім беру бөлімінің басшысы (келісім бойынша)
  8. Мейирхан Актынович аудандық - ішкі істер бөлімі қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бөлімшесінің бастығы (келісім бойынша)
  9. Карибаев Кажимир Сакошевич - аудандық қаржы бөлімінің басшысы
  10. Шелухин Барис Васильевич - аудандық телекоммуникациялық торабын сату бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
  11. Адильбаева Роза Касиевна - Глубокое ауданының әділет басқармасы бастығы (келісім бойынша)
  12. Немченко Ирина Дмитриевна - "Огни Прииртышья" аудандық газеттің бас редакторы (келісім бойынша)
  13. Токтасынов Кенжегазы Абзалбекович - ААБ АШМ ҚР Глубокое ветеринарлық қадағалау бөлімі бастығы (келісім бойынша)
  14. Сарычева Татьяна Геннадьевна - аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы

*Глубокое аудандық әкім аппараты басшысы*

*А. Баймульдинов*

Глубокое ауданы әкімдігінің  
"01" ақпан 2006 ж. № 1519  
қаулысымен бекітілген

## **СПИД және туберкулезге қарсы күрес бойынша аудандық үйлестіру Кеңесін құру туралы Ереже**

Осы ереже СПИД және туберкулезге қарсы күрес бойынша аудандық үйлестіру Кеңесінің міндеттерін, функцияларын, қызметінің құқықтық және ұйымдастыру негіздерін белгілейді:

## **I. Жалпы ережелер**

1. СПИД және туберкулезге қарсы күрес бойынша аудандық үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы Жарлығымен бекітілген "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасымен, Қазақстан республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен (бұдан әрі- бағдарламалар) көзделген азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шараларды басқа да ұйымдарда өткізуде аудандық, кенттік және ауылдық атқарушы органцардың іс-қимылдарын қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

2. Үйлестіру кеңесі Глубокое ауданы әкімдігінің жанындағы консультациялық кеңесші орган болып табылады.

3. Үйлестіру кеңесінің құрамына құзыретіне заңнамаға сәйкес үйлестіру кеңесінің жүктелген міндеттерді шешуге енетін ұйымдардың өкілдері кіреді.

4. Үйлестіру кеңесі өз қызметін Қазақстан республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

## **2. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері мен функциялары**

1. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері ұсынымдар мен ұсыныстар бойынша :

- 1) бағдарламаларда кезделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;
- 2) облысымызда азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясапы, заңнамалщжәне өзте де нормативтік күқықтық кесімдерді жетілдіру;
- 3) аудандық, кенттік және ауылдық атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру және Глубокое ауданының аумағында азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу мақсатында басқа ұйымдармен өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету;
- 4) Глубокое ауданында азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі негізгі бағыттарды белгілеу;

2. Мыналар үйлестіру кеңесінің негізгі функциялары болып табылады:

1. Бағдарламалардың іс-шараларын орындау жөніндегі істердің жай-күйін талдау;

2. Ұсыныстарды өңдеу бойынша:

азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты, заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру;

азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы мүдделі аудандық, кенттік және ауылдық атқарушы органдардың қызметін жетілдіру;

денсаулық сақтау мәселелері бойынша салааралық ынтымақтастықты және реформалар мониторингін үйлестіруді күшейту.

3. Денсаулық сақтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік, салалық (секторлық) өңірлік бағдарламалардың іске асырылуын талдау.

4. Азаматтардың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың халықаралық, қоғамдық және басқа да ұйымдармен тиімді өзара Іс-қимылы мен ынтымақтастығы саласындағы жәрдемдесу.

5. Аудандық, кенттік және ауылдық атқарушы органдардың азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі, оның ішінде АҚТҚ/СПИДпен туберкулезбен, диабетпен, жүрек-қан тамыры ауруларымен сырқаттанудың және басқа да әлеуметтік мәні бар және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың алдын алу мен төмендету жөніндегі іс-шараларды орындау мәселелерін қарау.

### **3. Үйлестіру кеңесінің құқықтары**

1. Үйлестіру кеңесі жүктелген міндеттерді іске асыру және функцияларды жүзеге асыру мақсатында;

1) орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардан және өзге де ұйымдардан үйлестіру кеңесінің міндеттерін Іске асыру үшін қажетті ақпаратты соратуға және алуға;

3) Үйлестіру кеңесінің отырыстарына міндеттерді іске асыруға байланысты мәселелер бойынша аудандық, кенттік және ауылдық атқарушы органдарының және өзге де ұйымдардың өкілдерін шақыруға және тыңдауға;

4) Өзінің құзыретіне енетін мәселелер бойынша ұсынымдарды әзірлеуге және ұсыныстар енгізуге;

5) Әкімшілікте бағдарламаларда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуы жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) Азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға байланысты өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

### **4. Үйлестіру кеңесінің қызметін ұйымдастыру**

Үйлестіру кеңесін оның қызметіне басшылық жасайтын Глубокое ауданының әкімі орынбасары басқарады, отырыстарына төрағалық жасайды, жұмысын жоспарлайды және Кеңестің шешімдерін іске асыруға жалпы бақылауды жүзеге асырады, Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары атқарады.

Үйлестіру кеңесінің хатшысы оны өткізу үшін отырыстың күн тәртібі бойынша ұсыныстарды қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайды және хаттаманы рәсімдейді. Үйлестіру кеңесінің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі . Шешімдер кеңес мүшелерінің басты бөлігі дауыс берсе қабылданады және хаттамалармен рәсімделеді.

*Глубокое ауданының әкім аппараты басшысы*

*А. Баймульдинов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК